

Институт студенттерін қарсы алуға дайын

Білім және ғылым министрлігінің №548 бұйрығына сәйкес, 1 ақпаннан бастап бірінші курс студенттері дәстүрлі оқу форматына көшіп, институт табалдырығын аттайды. 2 және 3 курс студенттері шығармашылық мамандықтардан басқасы сол күйінде қашықтан оқиды, ал бітіруші курс студенттері үшін оқу аралас форматта ұйымдастырылады.

Бүгінде Арқалық педагогикалық институтында күндізгі оқу формасына 211 бірінші курс студенттері қабылданған. Оларға арналған оқу процесі аралас форматта ұйымдастырылады. Яғни, дәрістер – онлайн түрде, ал семинарлар, зертханалық және практикалық сабақтар дәстүрлі форматта жүзеге асады.

Аудиториялардағы студенттердің толымдылығы 40%-дан аспайды. Қатарлас отыратын студенттер арасында екі метрлік әлеуметтік арақашықтық қамтамасыз етілген. Дәлізде адамдардың шоғырлануын болдырмау үшін



сабақтар арасындағы үзіліс уақыты жылжымалы өзгерістер кестесіне сәйкес орнатылды. Кіреберісте студенттер мен оқытушылардың, қызметкерлердің дене қызуын өлшеп, температурасы бар, жөтел жұқтырған, тұмау тигізген адамдарды ғимаратқа кіргізбейді. Студенттер мен оқытушылар және институт қызметкерлеріне оқу процесі кезінде маска тағу міндеттелді.

Білім алушыларды студенттер үйіне орналастыру тәртібі санитарлық-эпидемиологи-

ялық талаптарға сәйкес жүзеге асырылады. Жатақханаға кірерде студенттердің дене қызуы өлшенеді. Дәліздер мен кіреберісте санитайзерлер орнатылған. Жатақханада тұратын студенттердің өзге бөлмедегі достарына қонаққа баруына да тыйым салынған.

Айта кетейік, көктемгі семестрді ұйымдастыру туралы барлық қажет ақпаратты Call-орталық және институттың ресми сайтынан, әлеуметтік желілеріндегі арнайы парақшаларынан таба аласыз.